

БІЗДІҢ ТІЛШІМІЗ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР БОЙЫНША ОБЛЫСТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ МҮШЕСІ, ӘЙТЕКЕ БИ АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ МЕЙІРІМ ҚОРЫНЫҢ ТӨРАФАСЫ ЕРКІН ҚҰРМАНБЕКОВ ПЕН ӘҢГІМЕЛЕСКЕН ЕДІ.



— Екі ұдай пікір бар, кейде арғы тарихымызда қазақтың Ата заңы болмады деп те жатамыз...

— Қазақ тарихында Ата заңдар — бірнешеу. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» болған. Осындай кезеңдерден кейін «Жеті жарғы» заңы қабылданған. Бұл — қазақ қоғамының дамуында аса бір ерекше орны, маңызы бар заң

АТА ЗАҢЫМЫЗ НЕ БЕРДІ?

болды. Бұлардың барлығы — қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүріне, өмір тіршілігіне, көшпелі өміріне байланысты белгіленген. Ол кезде билер соты болған. Міне, осылар халықты біріктірген. Заң кейде жұмыс жасамауы мүмкін, бірақ халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі міндетті түрде болады. Егер әдет-ғұрып, салт-дәстүр мықты болатын болса, онда мемлекет те, отбасы да, адамдардың қарым-қатынасы да мықты болады. Заң солардың негізінде жасалған. Әлгіндегі біз атаған қазақ заңдарының барлығы солай. Қазақ ССР-ының Конституциясы болды. Одан кейін тәуелсіздіктің бастапқы кезеңіндегі Конституциямыз болды. Алайда қазіргі Конституциямыздың жөні бөлек. Тәуелсіздіктің бұл Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды. Осы Ата Заңымызға кеңестік кезеңдегі қоғамды жаңартатын керемет өзгерістер енгізілді. Бірінші хатшының басшылығы жойылып, Президентті басқарушы етті. Министрлер кеңесі жойылып, Министрлер кабинеті болды. Осы Конституцияға байланысты бір партиялық басқарудан көппартиялық басқаруға өттік. Жоспарлы басқарудан нарықтық экономикаға көштік. Осындай саяси өзгерістерді бізге осы Конституция алып келді. Ең бастысы, сөз бостандығын берді.

— Шын мәніндегі сөз бостандығы ғой.

— Иә, солай. Бұл үлкен өзгеріс еді. Бұрын газет-журнал, радио-телевидение, барлық ақпарат құралдары әрі бақылауда, әрі бір бағытта болатын. Сонымен бірге бұл Конституция біздің жеріміздің тұтастығын, бөлінбейтіндігін, оған бөтеннің қол сұғуға болмайтындығын бекітті. Өз шекарасын бекітіп алды ел. Бір сөзбен айтқанда, жаңа Конституция еліміздің алып кемесінің бағытын өзгертті. Оның маңызы да осында.

— Ата Заңымыздың талаптарын мүлтіксіз орындап отырмыз ба?

— Кейде Конституцияда бүй деп жазылған еді, ол әлі орындалмай жатыр дейтіндер де кездеседі. Бірақ іс жүзінде олай емес. Конституция — терең мағынадағы, кең көлемді, бірнеше ондаған жылдарды қамтитын құжат. Оның ішіндегі нәрсе жол салу сияқты шешім емес, биыл жоспарлап, қаржы болса, келесі жылы орындалатын. Мұндағы белгіленген шаралар ұзақ жылдарды қамтиды. Бір ғана адам құқы деген мәселені алалық, ал осы мәселе бір күнде шешіліп бола ма, бұл әлемдік дәрежедегі зор мақсат. Ата заңымызда алдағы ұзақ жылдарда орындалатын да көп мақсаттар қойылған.

Ата Заңымыз тәуелсіздікті қамтамасыз етті: шекарамызды бекітті, қауіпсіздікті қамтамасыз етті, халықты бақытқа, молшылыққа жеткізді. Әйтсе де, неге әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосыла-

мыз дейміз. Демек, Конституциямыздың мақсаты әлі де биік, асқаралы.

— Ата Заңымыздың бергенінен берері көп дегуге болады ғой?

— Конституциямыз нарыққа жол ашып берді, сол арқылы әр адам өзін-өзі асырай алады бүгінде. Бізге не берді деген сауалға әлі де көп нәрсе айтуға болады. Бірақ оларды тек тізбелеп шығудың өзі көп уақыт алады. Мәселен, кеше өзіміздің тарихымызды дұрыстап жаза алдық па? Тіпті хандарымызды, батырларымызды да айта алмадық емес пе? Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда жаңа Ата Заңымызды пайдаланып, тарихымызды түгелдедік. Көптеген батырларымыздың, хандарымыздың атын шығардық.

Кешеге кеңес заманында мұның орнына біз бөтен елдің патшаларын, батырларын жаттадық. Біз Петр біріншіні, Илья Муромец деген батырды білдік, өз хандарымызды, билерімізді білсек те ашық айта алмадық. Ең бастысы, тәуелсіздік бізге сөз бостандығын, еркін жүру құқығын берді.

Қазір жұрт бұл туралы үндемейді де, айтпайды да, екі күннің бірінде шет елдерге барып демалып келіп жатыр. Қажылық сапар шегеді. Мұндай қай уақытта болды, кешегі кезде қолымыз жетті ме осындайларға?

— Қазір шет елге барып келу мына жердегі ауылға барып келу сияқты...

— Олардың бәрі қазір үлкен оқиға болмай қалды. Бірақ осыған тәуелсіздіктің, Ата заңымыздың арқасында жеткеніміз шындық қой. Дастарханымыз толып тұр. Осы мүмкіндіктерді алып келген Ата Заңымыз. Конституцияда айтылатын басты талап — бірлік. Ол Қазақстанның бүкіл халқын, елін бірлікке, тұрақтылыққа шақырып отыр. Бірлік пен тұрақтылық болмаса, елдің дамуы болмайды. Еліміздің, халқымыздың болашағы осы Конституциямызбен байланысты.

— Сіз Ата Заңымыздың тікелей талаптарын орындау бағытында да жұмыстар жүргізесіз...

— Менің жұмыстағы бағыттарыма байланысты айтатын болсам, мен Конституцияға қатысты да жұмыстарды істеймін. Ол — осы Ата Заңда жазылған Қазақстан Республикасының рәміздеріне байланысты, оны құрметтеу, сыйлау және ресми түрде пайдалану мәселелеріне қатысты. Менің жұмысым осыған бағытталған. Дүние жүзінде 3 мыңға жуық ұлт бар. Соның екі жүзге жуығының ғана мемлекеті бар, қалғандарында мемлекет жоқ. Солай болған соң, олардың рәміздері, Конституциясы да жоқ. Ал осыны біздер қазақ ұлты түсініп, бағалап отырмыз ба, қадірін білеміз бе? Біз пайымдайтын нәрселер, міне, осы.

Аманжол ОРЫНФАЛИҰЛЫ.